

## **Әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 11 ақпандағы № 59 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 ақпанда № 8971 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қостанай облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай облысының әкімі*

*А. Мухамбетов*

Әкімдіктің  
2020 жылғы 11 ақпандағы  
№ 59 қаулысына  
қосымша

## **Қостанай облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі**

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімінен үзінді" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" 2016 жылғы 3 мамырдағы № 209 қаулысы (2016 жылғы 4 маусымда "Костанайские новости" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6399 болып тіркелген).

2. Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 209 "Туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімінен үзінді" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2018 жылғы 31 мамырдағы № 253 қаулысы (2018 жылғы 20 маусымда Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7854 болып тіркелген).

3. Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 4 қазандағы № 420 қаулысы (2019 жылғы 16 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8703 болып тіркелген).

4. Қостанай облысы әкімдігінің "Туризм саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы" 2016 жылғы 11 шілдедегі № 336 қаулысы (2016 жылғы 24 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6580 болып тіркелген).

5. Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 336 " Туризм саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2018 жылғы 31 мамырдағы № 254 қаулысы (2018 жылғы 20 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7858 болып тіркелген).

6. Қостанай облысы әкімдігінің "Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" 2016 жылғы 11 шілдедегі № 337 қаулысы (2016 жылғы 20 тамызда "Қостанайские новости" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6578 болып тіркелген).

7. Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 337 " Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2016 жылғы 31 қазандағы № 486 қаулысы (2016 жылғы 3 желтоқсанда "Қостанайские новости" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6713 болып тіркелген).

8. Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 337 " Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2017 жылғы 24 шілдедегі № 363 қаулысы (2017 жылғы 18 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7166 болып тіркелген).

9. Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 337 " Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2017 жылғы 3 қазандағы № 487 қаулысы

(2017 жылғы 1 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7260 болып тіркелген).

10. Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 337 " Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 27 тамыздағы № 365 қаулысы (2019 жылғы 6 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8644 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК